

Маңғыстау облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2020 жылғы 20 ақпандағы № 21 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 26 ақпанда № 4136 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 25 қарашадағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңына сәйкес Маңғыстау облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Маңғыстау облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Б.Қ. Ережепов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналасуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Н.Қ. Аққұловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау облысының әкімі

С. Трумов

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2020 жылғы 20 ақпандағы № 21
қаулысына қосымша

Маңғыстау облысы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 358 "Өздігінен жүретін шағын көлемді кемелерді жүргізу құқығына куәліктер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2920 болып тіркелген, 2015 жылғы 30 желтоқсанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 24 қарашадағы № 360 "Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына бөлінген белдеуде, жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде сыртқы (көрнекі) жарнама орналастыруға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2924 болып тіркелген, 2016 жылғы 25 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

3. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 414 "Автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2972 болып тіркелген, 2016 жылғы 19 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

4. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2016 жылғы 23 мамырдағы № 145 "Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 358 "Өздігінен жүретін шағын көлемді кемелерді жүргізу құқығына куәліктер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3069 болып тіркелген, 2016 жылғы 29 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

5. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2016 жылғы 22 маусымдағы № 186 "Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 24 қарашадағы № 360 "Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына бөлінген белдеуде, жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде сыртқы (көрнекі) жарнама орналастыруға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3097 болып тіркелген, 2016 жылғы 5 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

6. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2017 жылғы 6 қарашадағы № 268 "Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 414 "Автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3466 болып тіркелген, 2017 жылғы 6 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде жарияланған).

7. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2018 жылғы 6 желтоқсандағы № 306 "Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 414 "Автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3738 болып тіркелген, 2018 жылғы 25 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде жарияланған).

8. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2019 жылғы 17 қаңтардағы № 6 "Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 358 "Өздігінен жүретін шағын көлемді кемелерді жүргізу құқығына куәліктер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3802 болып тіркелген, 2019 жылғы 31 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде жарияланған).

9. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 42 "Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 24 қарашадағы № 360 "Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына бөлінген белдеуде, жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде сыртқы (көрнекі) жарнама орналастыруға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3837 болып тіркелген, 2019 жылғы 20 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде жарияланған).

10. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2019 жылғы 26 маусымдағы № 127 "Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 358 "Өздігінен жүретін шағын көлемді кемелерді жүргізу құқығына куәліктер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3935 болып тіркелген, 2019 жылғы 10 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде жарияланған).